

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау
комиссиясы ҚР ОрталықсайлаукомыҚаулы Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясы 1999
жылғы 7 тамыз N 19/221.Центральная избирательная комиссия Республики
Казахстан Центризбирком РК

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының кейбір нұсқамаларын бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңның 12, 40, 42 және 43-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

1. Ұсынылған:

- 1) сайлау учаскесінде дауыс беруді өткізу мен дауыстарды санау жөніндегі нұсқаулық;
- 2) дауыс берудің нәтижелері туралы учаскелік, округтік және тиісті аумақтық сайлау комиссияларының хаттамаларын жасау және беру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрайымы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы

Ескерту: Қаулы қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 16 қазандағы N 39 /264 Қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
1999 жылғы 16 қазандағы
N 39/264 қаулысына қосымша



№___ сайлау округі бойынша 1999 жылғы 24 қазандағы Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі қайта дауыс берудің нәтижелері туралы

учаскелік сайлау комиссиялары хаттамаларының Жалпы ведомостары

Облыс атауы _____

Сайлау уч. Округ бойынша Сайлау-дың Сайлаушы-дың Сайлау бюллет.

№ сайлаушылардың жалпы тізімі қосымша тізімі тень-н ал.

жалпы саны бойынша бойынша ған сайлаушы.

лардың саны

| | | |

| | | |

| | | |

қорытынды | | |

таблицаның жалғасы

Дауыс беруге Дауыс беруге Дауыс беретін Депутаттыққа канд-тарға бе.

қатысқан сай. бұрынырақ қатыс. үй-жайдан тыс рілген дауыстар

лаушылардың сайлаушылардың жерде дауыс

саны саны беруге қатыс. Тегі, | Тегі,

қан сайлаушы. аты-жөні | аты-жөні

лардың саны |

|саны | % | саны | %

таблицаның жалғасы

жарамсыз деп |Барлық кандидат.

танылған бюл. |тарға қарсы дауыс

летеньдер саны|берілген бюллетень

|дер саны

| |

қорытынды |

Округтік сайлау комиссиясының

төрағасы _____ Тегі, аты-жөні

Округтік сайлау комиссиясының

хатшысы _____ Тегі, аты-жөні

Қазақстан Республикасы Орталық
сайлау комиссиясының 1999 жылғы
7 тамыздағы N 19/221 қаулысымен
Бекітілген

Сайлау учаскесінде дауыс беруді өткізу мен дауыстарды санау жөніндегі Нұсқаулық

1. Дауыс беруді ашу

1. Дауыс беруге арналған учаскені ашу сайлау учаскесінде дауыс беруді және дауыс беруді үй-жайдан тыс жерде өткізу, дауыстарды санау кезінде сайлауға түскен әр кандидаттан бір сенім білдірілген адам, куәлігі мен тапсырмасы болған ретте әр бұқаралық ақпарат құралынан бір-бір өкіл-журналист, сондай-ақ тиісті сайлау комиссиясы жанында тіркелген Республиканың қоғамдық бірлестіктерінен және шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың әрқайсысынан бір-бір байқаушы қатыса алады.

2. Дауыс беретін күні учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы сайлау басталатын уақыттан бір сағат бұрын сайлау учаскесін ашық деп жариялайды және:

1) комиссияның барлық мүшелеріне және қатысушы өкілдер мен байқаушыларға дауыс беруге арналған сайлау жәшіктерінің - стационарлық, сондай-ақ (учаскеде саны екеуден аспайтын) алып жүретін жәшіктердің бос екендігін көрсетіп, бірден пломб салады немесе мөр басады;

2) сайлау бюллетеньдерін беруге жауапты комиссия мүшелерін анықтайды;

3) қатысушыларға учаскенің дауыс беруге дайын екендігін хабарлайды;

4) сайлау учаскесінің ашылуы туралы хаттамаға қол қояды.

3. Сайлау учаскесінің төрағасы мерзімінен бұрын дауыс берген сайлаушылар қалдырған конверттерді көрсетеді. Бұл ретте:

1) конверттің бүтін екендігі;

2) оған мөр басылғандығы немесе сайлау комиссиясы мүшелерінің (екіден кем емес) қолдарының бар екендігі;

3) конверттер санының сайлаушылар тізіміндегі мерзімінен бұрын дауыс бергендігі туралы белгілерге сәйкес екендігі міндетті түрде тексеріледі.

4. Комиссия төрағасы жалпы дауыс беру басталар алдында оның басқа мүшелерінің, өкілдер мен байқаушылардың қатысуымен дауыс беруге арналған жәшіктерге жабық конверттерді салуы тиіс. Осы рәсім орындалғаннан кейін комиссия төрағасы дауыс беру белгіленген уақытта сайлау учаскесін ашық деп жариялайды және сайлаушыларды дауыс беруді бастауға шақырады.

2. Дауыс беруді өткізу

5. Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы сол бір уақытта дауыс беруге арналған үй-жайдағы сайлаушылардың санын реттеуді жүзеге асырады.

6. Дауыс беруге арналған үй-жайдағы адамдар сайлау комиссиясы белгілеген ережелерді қатаң сақтауға міндетті.

7. Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы тәртіпке жауапты және заңды бұзған және дауыс беруге кедергі келтірген кез келген кімнің болса да үй-жайдан кетуін талап етуге хақылы. Тәртіпсіздік туындаған жағдайда төраға көмектесу үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне өтініш жасайды, олар тәртіп қалпына келтірілгеннен кейін сайлау учаскесінің үйжайынан дереу кетуі қажет.

8. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер сайлаушыларға сайлаушылар тізімдері негізінде және сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты (төлқұжат, жекебас куәлігі, жеке бастың уақытша куәлігі, әскери билет) көрсеткенде ғана беріледі.

9. Әр сайлаушы өзі дауыс береді.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді басқа сайлаушылардың атынан беруге тыйым салынады.

10. Сайлаушылар дауыс беруге арналған бюллетеньді алғандығы туралы сайлаушылар тізіміне қол қояды.

11. Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берген комиссия мүшелері, оларға өздерінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушылар тізіміндегі бюллетеньді алған сайлаушының тегінің тұсына да қолын қояды.

12. Сайлаушылар сайлау бюллетеньдерін дауыс беруге арналған кабинада немесе жасырын дауыс беруге арналған бөлмеде толтырады. Сайлау комиссиясы жасырын дауыс беруді қамтамасыз етуге, сайлаушының еркін білдіру мүмкіндігін бұрмалауды болдырмауға, бюллетеннің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ дауыс берудің қорытындыларын анықтау және сайлаудың нәтижелерін белгілеу кезінде дауыстың есебін қамтамасыз етуге міндетті.

Жасырын дауыс беруге арналған кабиналарға немесе бөлмелерге кіру, олардан шығу сондай-ақ олардан сайлау жәшіктеріне дейінгі жол учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің және қатысып тұрған өкілдер мен байқаушылардың көз алдында болуы тиіс.

Бюллетеньді толтыру кезінде дауыс берушіден басқа кімнің болса да, кіріп тұруына тыйым салынады.

Егер сайлаушының дауыс беруге арналған бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі болмаса, ол өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы және дауыс бергеннен кейін сайлаушылар тізіміне сайлаушының бюллетень алғандығы туралы қолының жанына оның тегі енгізіледі.

Мыналар ондай адам болуы тиіс емес:

- 1) сайлау комиссиясының мүшесі;
- 2) жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды қызметкері;
- 3) партиялық тізімге енгізілген тұлға, кандидат;
- 4) кандидаттың сенім білдірген адамы, саяси партиядан сенім білдірілген адам, бастамашыл топтың мүшесі;
- 5) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі-журналист;
- 6) тиісті сайлау комиссиясының жанында тіркелгеі Республика қоғамдық бірлестіктерінің байқаушысы, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның байқаушысы.

13. Дауыс беру жергілікті уақыт бойынша жиырма сағатқа дейін немесе аумақтық немесе округтік сайлау комиссиялары бекіткен өзге уақытқа дейін жалғасады, бірақ сағат жиырма екіден аспауға тиіс.

14. Дауыс беру аяқталатын уақытта учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы үй-жайды жауып, дауыс беруге арналған үй-жай ішінде қалған сайлаушылар ғана дауыс бере алатыны туралы хабарлайды.

3. Сайлау бюллетенін толтыру

15. Дауыс беруге қатысқан әрбір сайлаушының еркі ескерілуі үшін сайлаушы дауыс беруге арналған бюллетеньді дұрыс толтыруы тиіс.

16. Сайлаушы өзі дауыс беретін кандидат тегінің оң жағындағы бос шаршының не "Барлық кандидаттарға қарсы дауыс беремін" деген жолдың оң жағында орналасқан шаршының ішіне кез келген белгі соғады (қосу, "V" белгісі, "ия" сөзі, таяқша, шеңбер, крест және т.б.).

Біреуден артық шаршыға кез келген белгі қойылған, не болмаса олардың бірде біріне қойылмаған сайлау бюллетені жарамсыз деп танылады.

17. Егер дауыс беруге арналған бюллетень дұрыс толтырылмаған, өзгерту немесе түзетудің өзге тәсілі байқалса немесе ресми әзірленбеген болса, онда ол жарамсыз деп танылады және дауыстарды санау кезінде сайлау бюллетеніне енгізілген жекелеген кандидатты "жақтаймын" немесе "қарсымын есепке алынбайды".

Ескерту: Тармақ толықтырылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 16 қыркүйектегі N 30/246-1 қаулысымен .

18. Толтырылған бюллетеньдерді сайлаушылар дауыс беруге арналған жәшіктерге салады.

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыс беруге арналған жәшіктер учаскелік сайлау комиссиясы қатысып тұрған өкілдер мен байқаушылар бюллетеньдердің дауыс беруге арналған жәшіктерге қалай салынғанын көре алатындай орналастырылуы тиіс.

4. Алып жүретін жәшіктердің көмегімен дауыс беру

19. Сайлаушы денсаулық жағдайына, отбасының науқас мүшесін немесе балаларын күтуіне орай сайлау учаскесіне келуі мүмкін болмаған жағдайда өзінің келген жерінде дауыс беруге хақылы, бұл жөнінде ол учаскелік сайлау комиссиясын хабардар етуі қажет. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігін алу жөніндегі өтінішін жазбаша немесе ауызша бере алады.

Сайлаушы өзінің үйінде дауыс беру мүмкіндігін алу жөніндегі ауызша өтінішін оған учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері келген кезде жазбаша нысанда растайды.

20. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру құқығын беру жөніндегі өтініш негізінде сайлаушылар тізіміне тиісті белгі жасалады.

21. Егер сайлаушының бюллетеньді өздігіне толтыруға мүмкіндігі болмаса, ол өзі сенетін адамның көмегін пайдалануына болады. Бұл ретте жасырын дауыс берудің принциптері сақталады. Дауыс берудің құпиясы байқаушылардың, кандидаттардың сенім білдірген адамдарының, сайлау комиссиясы мүшелерінің сайлаушының қандай да болмасын еркінен тыс бақылау мүмкіндігін болдырмайды.

22. Сайлаушы бюллетеньді алғаннан кейін оны өзі толтырады және дауыс беруге арналған алым жүретін жәшіктерге салады.

23. Сайлаушы дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берсе, сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады.

24. Алып жүретін жәшіктердегі бюллетеньдердің саны дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге ықыласы туралы өтініш санымен және сайлаушының алып жүретін жәшіктер көмегімен дауыс бергені жөнінде жазбаша бекітуімен сәйкес болуы тиіс.

5. Дауыс беру құқығын беретін куәліктер бойынша дауыс беру

25. Сайлаушылар өздері тұрған жерін ауыстырған жағдайда дауыс беру құқығын беретін куәлігін көрсетуі бойынша сайлаушылардың қосымша тізіміне енгізіледі және барлығымен бірге дауыс береді.

26. Дауыс беру құқығын беретін куәліктің нысаны Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен бекітіледі және Қазақстан Республикасының барлық аумағында сайлау құжаты болып табылады.

27. Дауыс беру құқығын беретін куәлікті сайлаушының өтініші бойынша учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі сайлаушыға төлқұжатты, жеке басын куәлендіретін куәлікті, жеке басын куәландыратын уақытша куәлікті, әскери билетті көрсеткенде береді.

28. Дауыс беру құқығын беретін куәлікті берген учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі сайлаушылар тізіміндегі "ескерту" деген шаршыға дауыс беру құқығын беретін куәліктің берілгендігін жазып, куәлік берген мерзімін көрсетеді.

29. Дауыс беретін күні сайлаушы өзі дауыс беретін сайлау учаскесіндегі учаскелік сайлау комиссиясының мүшесіне дауыс беру құқығын беретін куәлігін көрсетеді.

30. Сайлаушының тегі, аты, әкесінің аты жеке басы куәлігінің, төлқұжатының, жеке басының уақытша куәлігінің немесе әскери билетінің мәліметтері бойынша сайлаушылардың қосымша тізіміне енгізіледі, сайлаушы бюллетеньді алғаны туралы қол қойып, жалпы негізде дауыс береді.

31. Дауыс беру құқығын беретін куәлік негізінде сайлаушылардың қосымша тізіміне енгізілген сайлаушының мәліметтері учаскелік сайлау комиссиясының істерінде қалады.

32. Дауыс беру құқығын беретін куәлік жоғалған жағдайда қайта қалпына келтірілмейді.

6. Мерзімінен бұрын дауыс беру

33. Әр сайлаушы мерзімінен бұрын дауыс беруге хақылы.

34. Егер сайлаушы сайлау күніне жеті күн қалғанда дауыс беруге арналған үй-жайға келе алмайтынын білсе, учаскелік сайлау комиссиясынан дауыс беруге арналған бюллетеньді алдын-ала алуға хақылы.

35. Әр сайлаушы өзі дауыс береді, бұл орайда дауыс беру құпиясы сақталуы тиіс.

36. Бюллетеньді алу үшін, сайлаушы жеке бас куәлігін, төлқұжатын, жеке басының уақытша куәлігін немесе әскери билетін көрсетуі тиіс.

37. Сайлаушы бюллетеньді алған кезінде сайлаушылардың тізіміне қол қоюы тиіс. Бюллетеньді учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі береді және бюллетеннің берілгені және сайлаушының мерзімінен бұрын дауыс бергені туралы сайлаушылардың тізіміне белгі қояды.

38. Сайлаушы бюллетеньді толтырғаннан кейін оны конвертке салады, өзі желімдейді және учаскелік сайлау комиссиясының кезекші мүшесіне береді.

39. Конверттің желімделген жеріне учаскелік сайлау комиссиясының мөрі басылады, не болмаса сайлау комиссиясы мүшелерінің (екеуден кем емес) қолы қойылады.

40. Бюллетень салынған конверттер учаскелік сайлау комиссиясында дауыс беретін күнге дейін тек қана учаскелік сайлау комиссиясының төрағасына немесе хатшысына рұқсат етілген арнаулы сейфте сақталады.

41. Конверттердің саны сайлаушылар тізіміндегі мерзімінен бұрын дауыс берілгендігі туралы белгілердің санымен сәйкес болуы тиіс.

7. Сайлау учаскесінде дауыстарды санау

42. Сайлау учаскесінде сайлаушылар дауыстарын санау жергілікті уақыт бойынша жиырма сағатта басталады. Егер сол учаскеде дауыс беру уақыты өзгертілген болса, онда дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін басталады.

Дауыстарды санау дауыс беру нәтижелері алынғанға дейін үзіліссіз жүргізіледі. Сайлау учаскесіндегі дауыс санауға арналған уақыт дауыс санау басталғаннан 12 сағаттан аспауға тиіс.

43. Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыс санау өткізілетін стол учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің іс-қимыл санау кезінде барлық қатысушылар жағынан толық көрінетіндей болып орналастырылуы қамтамасыз етіледі. Дауыстарды санауға қатысып тұрған кандидаттың сенім білдірген адамдары және байқаушылар бюллетеньдерді санауды бақылау үшін ыңғайлы қышықтықтан дауыс санауды бақылайды.

44. Дауыс беруге арналған жәшіктерді ашар алдында учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері барлық өкілдер мен байқаушыларды қатыстыра отырып пайдаланылмаған сайлау бюллетеньдерін санайды және оларды бірыңғай тәсілмен есептен ығарады. Есептен шығару тәсілін учаскелік сайлау комиссиясы анықтайды.

Есептен шығарылған бюллетеньдер жеке бумаға оралып, байланады және сыртына жазылып қойылады.

45. Стационарлық және дауыс беруге арналған жәшіктердің пломбылары немесе мөрлерінің бүтіндігі тексеріледі. Жәшіктердегі пломбылар мен мөрлердің бүтіндігіне көз жеткізу барлық комиссия мүшелеріне, өкілдер мен байқаушыларға ұсынылады.

46. Дауыс беруге арналған жәшіктер ашылады. Бюллетеньдерді санау кезінде:

1) белгіленбеген үлгідегі, сондай-ақ учаскелік сайлау комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған сайлау бюллетеньдері бөлініп алынады. Белгіленбеген үлгідегі бюллетеньдер саналады, бөлеу бумаға байланады және сыртына жазылып қойылады;

2) белгіленген үлгідегі сайлау бюллетеньдері саналады.

47. Жәшіктердегі конверттерді ашу кезінде олардағы сайлау бюллетеньдерінің саны тексеріледі. Егер конверттен бір сайлаушының қажеттілігінен артық бюллетеньдер алынса, онда конверттегі барлық сайлау бюллетеньдері жарамсыз деп танылады, конверттен алынған барлық сайлау бюллетеньдерін жарамсыз деп тану туралы акт жасалады.

48. Бюллетеньдердің жарамдылығы жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда мәселені учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру арқылы шешеді. Бұл ретте комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.

49. Дауыстарды санаудың нәтижелері хаттамаға енгізіледі, учаскелік сайлау комиссиясының барлық мүшелері қол қояды және тиісті сайлау комиссиясына жедел түрде беріледі.

50. Барлық сайлау бюллетеньдері тиісті жазуларымен бумаға оралып, байланады, сайлау комиссиясы мүшелерінің (екеуден кем емес) қолы қойылады және мөр басылады.

51. Дауыс беру аяқталғаннан кейін сайлау бюллетеньдерін сақтау Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының тиісті қаулысымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Орталық
сайлау комиссиясының 1999 жылғы
7 шілдедегі N 19/221 қаулысымен
Бекітілген

**Дауыс берудің нәтижелері туралы учаскелік, округтік және тиісті аумақтық
сайлау комиссияларының хаттамаларын жасау және беру жөніндегі
Нұсқаулық**

1. Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттамаларды жасау

1. Өткізілген дауыс санаудың дұрыстығы тексерілгеннен кейін дауыс берудің хаттамасы толтырылады.

2. Учаскелік сайлау комиссиясы хаттаманы толтыру кезінде цифрлар тиісті тармақтарға енгізіледі.

Хаттамаға мына мәліметтер енгізіледі:

1) Хаттаманың 1 тармағына тізімге енгізілген сайлаушылардың қосымша тізімге енгізілген сайлаушыларды қоса алғандағы жалпы саны көрсетіледі. Соның ішінде:

а) тармақшасында сайлаушылардың негізгі тізіміне енгізілген учаскедегі сайлаушылардың саны көрсетіледі;

б) тармақшасында сайлаушылардың қосымша тізіміне енгізілген учаскедегі сайлаушылардың саны көрсетіледі;

2) Хаттаманың 2 тармағында сайлау бюллетенін алған сайлаушылар саны көрсетіледі, ол сайлаушылар тізіміндегі сайлау бюллетенін алғандығы туралы қойылған қолдарды санау жолымен белгіленеді.

3) Хаттаманың 3 тармағында дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны көрсетіледі, ол дауыс беруге арналған жәшіктердегі бюллетеньдерді санау жолымен белгіленеді. Соның ішінде:

а) тармақшасында дауыс беруге мерзімінен бұрын қатысқан (конверт бойынша) сайлаушылар саны көрсетіледі, ол конверттегі бюллетеньдерді санау жолы арқылы белгіленеді;

б) тармақшасында дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны көрсетіледі, ол дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігі туралы жазбаша өтінішті санау және дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы жазбаша дәлелдеу жолымен белгіленеді.

4) Хаттаманың 4 тармақшасында әр кандидатқа, әр саяси партияға берілген дауыстардың саны көрсетіледі, ол сайлаушының тиісті саяси партияның, кандидат тегінің оң жағындағы шаршыға кез келген белгі қойған жарамды сайлау бюллетеньдерін санау тәсілі арқылы әр кандидат, саяси партия бойынша кезек-кезек белгіленеді.

5) Хаттаманың 5 тармағында жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны көрсетіледі.

6) Хаттаманың 6 тармағында сайлаушылар барлық кандидаттарға, саяси партияларға қарсы дауыс берген сайлаушылар саны көрсетіледі, ол "Барлық кандидаттарға қарсы дауыс беремін" не "Барлық саяси партияларға қарсы дауыс беремін" деген жолдың оң жақтағы шаршысына сайлаушы кез келген белгі қойған жарамды сайлау бюллетеньдерін санау жолымен анықталады.

3. Хаттамаға учаскелік сайлау комиссиясы төрағасының, орынбасарының, хатшысының және мүшелерінің тегі, аты-жөні әліпби тәртібімен қол қоятындай орын қалдырылып орналастырылады.

4. Егер хаттамаға қол қою кезінде қандай бір себептермен комиссияның төрағасы болмаған жағдайда, оның орнына төрағаның орынбасары не комиссия төрағасының міндеті жүктелген учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі қол қояды.

5. Дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамаларды қаламмен және түрлі-түсті сиямен толтыруға, сондай-ақ оған қандай да болмасын түзетулер енгізуге жол берілмейді.

Дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамалар сайлау учаскесінің үй-жайында дауыс беру аяқталғаннан кейін дереу сиямен толтырылады;

Ескерту: 1 тараудың 5 тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 16 қазандағы N 39 /264 Қаулысымен .

6. Хаттама мәтінімен толық немесе оның жекелеген ережелерімен келіспейтін сайлау комиссиясының мүшесі хаттамаға айрықша пікірін тіркеуге хақылы. Мұндай жағдайда комиссия мүшесі хаттамаға "айрықша пікір" деп жазып, өзінің қолын қояды.

7. Дауыс берудің нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы бір парақ қағаздың екі жағына да басылып, хаттаманың алдыңғы беті учаскелік сайлау комиссиясы хатшысының қолы арқылы куәландырылады.

8. Хаттаманың бір данасы жалпы жұртшылықтың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайына ілінеді.

9. Округтік және тиісті аумақтық сайлау комиссияларының хаттамаларын жасау учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде осы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

2. Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттамаларды беру

10. Дауыс берудің нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссиясының әр хаттамасы үш данадан жасалады.

Бір мандатты аумақтық сайлау округті бойынша дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманың бір данасы тиісті округтік сайлау комиссиясына жедел жөнелтіледі. Саяси партиялар үшін дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманың бір данасы - тиісті аумақтық (аудандық, қалалық, қаладағы аудандық) сайлау комиссиясына жөнелтіледі.

Хаттамалардың екінші даналары учаскелік сайлау комиссиясының істерінде қалады.

Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі және саяси партиялар үшін хаттамалар үш данада фельдбайланысы немесе арнаулы байланыс арқылы Орталық сайлау комиссиясына дереу жөнелтіледі;

Хаттамалардың көшірмелері жалпы көпшіліктің шолуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайына ілінеді.

Ескерту: 2 тараудың 10 тармағындағы 4 бөлім жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 16 қазандағы N 39/264 Қаулысымен .

11. Дауыс берудің қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы тиісті округтік (аумақтық) сайлау комиссиясына күзет арқылы жеткізіледі.

12. Хаттаманы округтік (аумақтық) сайлау комиссиясына беру кезінде хаттаманы беру туралы екі дана акт жасалады, оның біреуі округтік (аумақтық), басқасы-учаскелік сайлау учаскесінде қалады.

13. Хаттаманы беру туралы актіде хаттаманы берген және қабылдаған тиісті учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері, берген уақыты мен мерзімі көрсетіледі.

14. Учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде тиісті округтік (аумақтық) сайлау комиссияларының сайлау қорытындылары туралы хаттамасы жасалады (дауыстарды санау).

15. Округтік сайлау комиссиясының сайлау қорытындылары туралы хаттамасы екі данада жасалады, біреуі округтік сайлау комиссиясында қалады, басқасы тиісті аумақтық (Орталық) сайлау комиссиясына күзет арқылы жедел түрде жеткізіледі.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлаудың нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссиялары хаттамаларының жалпы ведомостытары округтер бойынша ұсынылған нысанға сәйкес бір мезгілде жасалады және Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жөнелтіледі.

Ескерту: 2 тараудың 15 тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 16 қазандағы N 39 /264 Қаулысымен .

16. Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссияларының дауыс санаудың қорытындылары туралы хаттамасы екі данада толтырылады, оның біреуі аумақтық сайлау комиссиясында қалады, басқасы тиісті облыстық, Астана, Алматы қалаларының сайлау комиссияларына күзет арқылы жедел түрде жеткізіледі.

17. Облыстық, Астана, Алматы қалаларының сайлау комиссияларына хаттаманы тапсыру кезінде хаттаманы тапсыру туралы екі дана акт жасалады. Бір акт аумақтық, басқасы-тиісті облыстық, Астана, Алматы қалаларының сайлау комиссияларында қалады.

18. Хаттаманы тапсыру туралы актіге хаттаманы тапсырған және қабылдаған тиісті сайлау комиссияларының мүшелері, тапсырған уақыты мен мерзімі көрсетіледі.

19. Тиісті аумақтық сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде дауыс санаудың қорытындылары туралы облыстық, Астана, Алматы қалалары сайлау комиссияларының хаттамасы жасалады.

20. Облыстық, Астана, Алматы қалалары сайлау комиссиясының дауыстарды санаудың қорытындылары туралы хаттамасы екі данада жасалады, оның біреуі тиісті сайлау комиссиясында қалады, басқасы күзет арқылы жедел түрде Орталық сайлау комиссиясына жеткізіледі.

21. Дауыстарды санаудың қорытындылары туралы сайлау комиссияларының хаттамаларын сақтау Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының тиісті қаулысымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.